Жоғарыда келтірілген доппен орындалатын қимылдар оның орын ауыстыру траекториясы бойынша ерекшеленеді (қорытындылаудың бесінші

деңгейі). Оларды орындаудың тәсілдеріне бір жағынан, жүру, жүгіру, тоқтау қадамы, бұрылу қадамы және секіру қадамымен допқа шығу ерекшеліктерімен, екінші жағынан – қимыл-қозғалыстың шешілетін міндеттерінің өзгешеліктерімен шартталған өзгерістер енгізіледі (қорытындылаудың алтыншы деңгейі).

Бұл бірінші реттің мәнін меңгеруден (ойын тұрысы) қорытындылаудың жеке деңгейлеріне жататын қозғалыстарды және қимыл-қозғалыс әрекеттерін меңгеруге апаратын реттілікті болжайды;

1) қозғалыстар мен қимыл-қозғалыс әрекеттерінің олардың арасындағы құрылымдық-логикалық байланыстардың мәні мен мазмұнының теориялық білімдерін меңгеруді;

2) олардың орындалу тәсілдерінің жалпылама сипатын;

3) бастауыш сынып білім алушыларының бойында танымдық ӘОӘ қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Жалпы білім беретін мектептердегі бұқаралық спорт түрлерінің бір бөлігі ретінде «Доп мектебі» бағдарламасының мақсаты тұлғалық маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ойын әрекеттерінде доппен орындалатын қимыл-қозғалыс әрекеттерін және олардың тәсілдерін меңгеру негізінде, бастауыш сынып білім алушыларының тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу сауықтандыру, білім беру және тәрбие беру міндеттерімен қамтамасыз етіледі. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін ескере отырып оның мазмұны келесідей үш бөлімді қамтуы мүмкін: пәндік (яғни, «Доп мектебі»), пәнаралық және тұлғалық-дамытушылық.

Пәндік бөлім: «Теориялық білімдер», «Біліктер мен дағдылар» және «Физикалық жетілдіру» бөлімдерінен тұрады.

Пәнаралық бөлім танымдық ӘОӘ (жалпы оқулық, белгілік-символдық, логикалық), реттеуші (мақсат қою, жоспарлау, бақылау, бағалау және түзету, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі түзету) және коммуникативтік (сөздік реттеу, ауызша және жазбаша сипаттау, өзара әрекеттесу) жүзеге асыру қабілеті мен дайындығын қамтиды.

Тұлғалық-дамытушылық бөлімге тұлғаның ынталандыру ортасы, күш-жігері мен адамгершілік қасиеттерін көрсетуге дайындығы кіреді.

Аталған бағдарлама бастауыш мектепте екі жыл көлемінде жүзеге асырылады.

Оқыту негізгі, ал содан кейін ойын тұрысын игеруден басталады, бастауыш сынып білім алушылары қадам және оның түрлері туралы ұғымдарды меңгереді. Бұл ұғымдарды меңгеру доппен ойналатын жүгіру, жүлкі жүгіру, тоқтау, бұрылу және секіру тәрізді ойындарда қолданылатын орын ауыстырудың негізгі тәсілдерін меңгеру үшін алғышарт болып табылады. Орын ауыстырудың бұл тәсілдері доппен орындалатын қозғалыс әрекеттерінің құрамдас бөлігі болып саналады, яғни олар бұл санатта допқа шығу ретінде жүреді (доппен орындалатын барлық ойын әрекеттері үшін бастапқы абстракция).

Допқа шығудың жеке тәсілдерін орындау – оны қабылдау немесе кеңістіктің белгілі бір нүктесіне жылжыту тәрізді шешілетін қозғалыс міндеттерінің сапалық өзгешелігімен шартталған.

«Допқа шығу» ұғымын меңгергеннен кейін бастауыш сынып білім алушылары допты қолмен (екі қолмен) қағып алу және кері секіру (серпілу) арқылы допты қабылдау тәсілдерін меңгеруге кірісе алады.

Бір уақытта допты сырғытудан (ең қарапайымынан) бастап итеруге дейінгі, допты ауыстыру тәсілдері оқытылады. Осыдан кейін допты лақтыруға, допты ұру тәсілдерін үйренуге көшуге болады.

Қорытындылаудың бір деңгейінде тұрған (көлденең реттілігі), доп мектебіндегі қимыл-қозғалыс әрекеттерін зерделеудің ретін анықтау барысында, балалар ең алдымен қорытындылаудың аталған деңгейіндегі басқа әрекеттердің мазмұнына енетін барлық элементтер көрсетілген, яғни олар үшін ортақ болып табылатын базалық әрекеттерді меңгереді. Бұл базалық әрекеттерді зерделеу барысында алынған дағдыларды білім алушылардың көпшілігінің бойында бар тәжірибесіндегі жеке элементтерді басқа әрекеттерді меңгеруге ауыстыруға болатындығының оң мүмкіндігін көрсетеді.

«Ойын тұрысы», «қадам», «допты аяқпен алып жүруде допқа қарсы шығу», «қарсы ұшып келе жатқан допты төменнен екі қолмен қағып алу», «қарсы ұшып келе жатқан допты кейін серпілу арқылы екі қолмен қағып алу», «допты аяқ алқымының сыртқы бөлігімен алып жүру және допты қолмен алып жүру», «аяқ алқымының ортасымен ұру» қорытындылаудың сәйкес деңгейін зерделеу басталатын базалық қимыл-қозғалыс әрекеттеріне жатады.

Меңгерілген қозғалыстар және қимыл-қозғалыстардан кейін оларды біртұтас ретке қосу үрдісі жүреді, яғни: допты алу/қабылдау (қағып алу) – допты алып жүру – допты беру (немесе соғу және лақтыру). Әр сабақтың немесе жаттығу уақытының соңында спорттық ойындардың элементтері бар қозғалыс ойындары қолданылады. Ойынды таңдау сабақтың немесе жаттығу сағатының мақсатына сәйкес таңдалады.

Сабақ барысында проблемелық жағдай жасау оқу-танымдық әрекетті жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылады. Ол үшін білім алушылардың алдына оларға шешімі таныс емес қимыл-қозғалыстық нақты міндет қойылуы тиіс (қозғалысты орындау немесе доппен қимыл-әрекет жасау). Бұл қарама-қайшылық бұл тәсілді ашудағы танымдық белсенділікті тудырады және бағыттады.

Оқу процесі осы мақсатты қабылдаудан басталады. Мұғалім үйретілетін қозғалыс әрекетін көрсетеді, оның ойын әрекетінің табысты болуындағы мағынасы туралы айтады, балаларға қозғалысты қайталауды ұсынады [29].

Келесі оқу әрекеті – нақты міндетті шешу жолынмен шарттасатын жалпы қарым-қатынасты анықтау. Мысалы, опты тебу немесе лақтыру барысында «соғу» ережесі, яғни оны орындау үшін қажет болатын түрлі тәсілдерді іздеу және байқап көру.

Содан кейін табылған тәсіл пәндік психикалық бейнелерімен бірге ішкі интеллектуалдық жоспармен орындалатын ой қызметі формасына ауысады. Сөз

немесе көрнекі кесте (модельдеу) түрінде оның нобайын жасау жалпы қарым-қатынастың пәндік әрекет процесінде белгіленгенін меңгерудің қажетті шарты болып табылады.

Осыдан кейін көптеген жеке міндеттер жүйесін шешу қарастырылады (допты ұру және лақтырудың тәсілдері). Теориялық ұғымдарды («соғу, ұру») меңгеру процесінде білім алушылар танымдық ӘОӘ (талдау, салыстыру, қорытындылау, ой қорыту) меңгереді және келесідей тапсырмалар орындай алады:

- меңгерілетін қозғалыс қимылының болжамды негізін есте сақтау және көрсету;

- меңгерілетін қозғалыс қимылының болжамды негізі туралы мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беру;

- дене шынықтыру мұғалімінің/жаттықтырушының көрсеткен жана жаттығу түрінің орындалу тәсілі туралы әңгімелеп айтып беру/түсіндіру;

- көру және логикалық бейнесіне сүйене отырып сол жаттығуды орындау;

- қозғалыс әрекеттерінің орындалу талаптарының дұрыс орындалуын бақылаушы мұғалімнің/жаттықтырушының ескерпелерін қабылдау және мәнін түсіну;

- мұғалімнің ескерпелерін ескерумен қозғалыс әрекеттерінің орындалу тәсіліне түзетулер енгізу.

Бұл оқу тапсырмаларын орындау танымдық, жалпы оқу (есте сақтау, қабылдау, түсіну, қайталап көрсету), реттеуші (өзін-өзі бақылау, өзін-өзі түзету) және коммуникативтік (ауызша сипаттау, қарым-қатынас жасау, сөзбен реттеу тәрізді ӘОӘ қалыптастыруға қамтамасыз етеді.

«Доп мектебі» доппен ойналатын спорттық ойындардың жарыстық қозғалыстарын орындау тәсілі туралы білімді, олардың арасындағы ортақтықтың және айырмашылықтың құрылымдық-логикалық байланыстарын меңгеру ретінде, сонымен қатар нақты ойын жағдайларында пайда болатын жарыстық-ойын әрекеттерінде қимыл-қозғалыс міндеттерін шешу тәсілдер ретінде қарастырылады [30].

Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын бұқаралық спорт түрлеріне тартудың басты мақсаты – тұлғаның бойында дене шынықтыру құндылықтарын қалыптастыру арқылы жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Мықты денсаулық, дененің жақсы дамуы, қимыл-қозғалыс қабілеттерінің оңтайлы деңгейі, дене шынықтыру саласындағы білім мен дағдылар, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт қызметін жүзеге асырудың себептері және меңгерілген тәсілдері (іскерліктер) дене шынықтырудың құрамдас бөліктері болып табылады

Футболмен, волейболмен, баскетболмен айналысу баланың физикалық, рухани қабілеттерін ашуға және дамытуға, өзін-өзі анықтауына қажетті барынша қолайлы жағдайлар жасайды.

Бұқаралық спорт түрлері – баланың дамуына неғұрлым кешенді және жан-жақты әсер ететін командалық спорттық ойын.

Жеке, топта, команда құрамында доппен орындалатын арнайы іріктеліп алынған ойын жаттығулары, ең алдымен координациялық (кеңістікте бағдарлану, реакцияның шапшаңдығы, қимыл-қозғалыстық әрекеттерді қайта түзеу, қимыл-қозғалыс параметрлерінің кеңістіктік, уақыттық және күштік жағдайларын саралау мен бағалау дәлдігі, жекелеген қимыл-қозғалыс түрлерін тұтас комбинацияға айналдыру қабілеті) және шартқа сәйкестік (күштік, төзімділік, жылдамдық) қабілеттерін дамуға, сонымен қатар осы қабілет топтарының әр түрлі үйлесімділігіне шексіз мүмкіндіктер жасайды.

Спорт ойындары бойынша материалдар бір мезгілде білім алушылардың психикалық процестерінің (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау, қиял және т. б.), адамгершілік және ерік қасиеттерінің дамуына көпжақты ықпал етеді. Бұл ойын немесе жарыс барысында ойын жаттығуларының және ойынның ережелерін сақтау, сонымен қатар серіктестері мен қарсыластарының өзара жеке, топтық және командалық келісімінің қажеттілігімен шарттасады.

Ойын материалдары білім алушылардың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын және эмоцияларын қалыптастырудың жақсы құралы және әдісі болып табылады.

Ойын балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Ойындар білім алушылардың бойында бірлескен жұмыстың, қарым-қатынастың маңызды дағдыларын қалыптастырады. Ойын әрекеті барысында білім алушылардың бойында жауапкершілік тәрбиеленеді, жанындағы достарына қамқорлық жасау, жаны ашу, жеңістің және жеңілістің қуанышын және қайғысын түсіну қабілеті дамиды.

Балалардың көпшілігі футбол, волейбол немесе баскетбол мектебіне футбол, волейбол, баскетбол ойнауды үйренуге емес, таңдаған ойын түрін ойнау үшін келеді. Сондықтан оқу-жаттықтыру процесін олар футболда, волейболда, баскетболда қалатындай және жақсы ойыншы болып шығатындай дәрежеде ұйымдастыру қажет. ал оның шешімі біреу-ақ: ол – балаларға қызықты болуы тиіс. Ойын және ойын жаттығулары балалар үшін жаттығудың негізгі құралы болуы тиіс.

Балалардың паспорттық жасы бірдей болғанымен биологиялық жасы, организм функционалдық жүйесінің дамуы бойынша (сүйек-бұлшық ет, жүйке, жүрек-қан тамырлары, десалу және т.б.) әр түрлі болуы мүмкін, олардың кейбіреуі 8 жасқа сәйкес болса, енді біреуінің – 12 жасқа сәйкес болуы тиіс. Сонымен қатар, ойын тәсілдерін орындау техникасының тиімділігімен, тактикалық білімдерімен анықталатын, спорттық жас та бар. Бұл жерде де бірдей паспорттық жастағы балалардың арасында үлкен айырмашылық болуы мүмкін. Жаттығулық жүктемені жоспарлау барысында бұл факторларды ескеру қажет.

Жүктемелердің шамасы, көлемі және қарқындылығы ойынның талаптарына да, сондай-ақ дайындылық құрылымының ерекшеліктеріне де сәйкес болуы тиіс. Әр жас ойыншының дарындылық шегін анықтайтын ең жақсы қасиеті, бірінші кезекте дамытылуы және жетілдіріп отырылуы тиіс.

Әсіресе бірінші кезеңде азайтылған құрамды ойын және ойын жаттығулары, балаларды бұқаралық спорт түрлерінің техникасына оқытудың негізгі құралы болып табылады. Тек бір ғана ойынмен балаларды футболға, волейболға немесе баскетболға үйрету мүмкін емес, міндетті түрде ептілік, шапшаңдық, үйлестірушілік тәрізді қимыл-қозғалыстың маңызды қасиеттеріне баулитын және ойын техникасын үйрететін жаттығулар жасату қажет.

Бұқаралық спорт ойындарына, оның ішінде футболға тоқталатын болсақ.

Футбол – командалық ойын. Ойынның мақсаты – қарсы команданың қақпасына неғұрлым көп доп (гол) соғу. Ойыншыларға допты қолмен тоқтатуға, ұруға рұқсат етілмейді. Допты қолмен тоқтату, лақтыру, қағып алу мүмкіндігі тек қақпашыда ғана бар.

FIFA және UEFA ұсынысы бойынша балалар футболында ойын ережесінің «жеңілдетілген нұсқасы» қолданылады.

UEFA бұқаралық футбол ережесіне және көптеген елдердің бұқаралық футболды дамыту бағдарламасы тұжырымдамасына сәйкес балалар футболы бұқаралық футболдың бір түрі болып табылады.

FIFA және UEFA қолданылатын нормативтер бойынша балалар туған даталарына сәйкес әр түрлі жастық топтарға бөлінеді:

U9 – 2007 жылдың 1-қаңтарынан кейін туғандар.

U10 – 2006 жылдың қаңтарынан кейін туғандар.

U11 – 2005 жылдың қаңтарынан кейін туғандар және т.с.с.

Халықаралық стандарт бойынша футбол ұзындығы 100-110 метр, ені 64-75 метр төртбұрышты алаңда ойналады. Жасыл алаң әртүрлі сызықтармен белгіленеді. Маңдай сызықтың дәл ортасында орналасқан қақпаның екі шеткі бағанасының арасы 7 м 32 см, жоғарыдағы бағананың жерден биіктігі 2 м 44 см. Қақпаның сыртын тор жауып тұрады. Ойын диаметрі 68-71 см, салмағы 396-453 гр келетін доппен ойналады [27].

Футболшы тепе-теңдік қалпын жақсы ұстап алаңда орнықты қимылдауы керек. Мұндай қалыпты жақсы ұстай білген адам алаңда жиі құламайды. Осындай қасиетті де әр түрлі жаттығуларды орындау акробатика, гимнастика, батуттан секіру, фристайл сияқты спорт түрлерімен айналысу арқылы дамытуға болады.

Алаңдағы футбол добын меңгеруі оны өзі қалаған жағына теуіп жібере алуы футболшының әдістік дайындығы деп аталады. Әрине футболшының тез жүгіре білуі, әріптесімен түсінсуі, ұйымдастырушылық қабілеті, алаңды жақсы көре білуі, жігерлігіне қоса аяғының астындағы допты шебер меңгере алуы қажет.

Балаларды жаттықтыруды жоспарлаудағы басты мақсат – балаларға қызықты болатын және онша қызықты емес, бірақ ойынға үйрету үшін пайдалы жүктеме көлемдерінің (бұқаралық спорт түрлері ойындары бойынша) арасындағы оңтайлы арақатынасты табу (жалпы және арнайы даярлау жаттығулары).

Мысалы, футбол ойыны үшін жаттығулардың екі түрі қарастырылған. Ойын жаттығулары балалар үшін өте қызықты және олар онымен әрдайым

айналысуға дайын. Басқасы – стандартты жаттығулар (допты жұпта беру және тоқтату, допты әр түрлі тәсілмен алып жүру және т. б.) – онша қызықты емес.

Онша қызықты емес, бірақ жарыстар немесе әр түрлі эстафеталар формасындағы жаттығулардың техникасын үйрету өте пайдалы, бұл – жаттықтырушының міндеттерінің бірі болып табылады

Футбол ойынына жаттықтыру бағдарламасы келесідей болуы мүмкін

1. Допты алып жүру:

- аяқ алқымының ішкі және сыртқы жақтарымен;
- әр түрлі жылдамдықпен және бағытты ауыстырумен;
- опты айналдырып алып кету;
- алдама қозғалыстар қолдана отырып;
- аялдамалардан кейін әр түрлі тәсілдермен.

2. Допты қақпақылдау:

- бір аяқпен (табанмен);
- екі аяқпен (табандармен);
- екі аяқпен (санмен);
- бір аяқпен «табан-жамбас» кезектесіп;
- екі аяқпен «табан-жамбас» кезектесіп.

3. Допты тоқтату:

- табанмен және табанның әр түрлі бөліктерімен.

4. Допты беру:

- қысқа және орташа;
- табанның әр түрлі бөліктерімен орындалатын.

5. Қарсыласты орап өту (күрессіз немесе күресте).

6. Қарсыластан допты тартып алу.

7. Допты ауттан лақтыру.

Бұл тәсілдерді аптасына болатын 2-3 сабақта үйрету мүмкін емес. Сондықтан жаттығудың бірінші жылында негізгі техникалық әрекеттерге аса көңіл бөлу қажет. Допты алып жүру, соғулар, тоқтату және беру негізгілердің қатарына жатады. Сонымен қатар, балалардың физикалық дамуын жан-жақты жоғарылату үшін әр түрлі жаттығулар қолдану қажет. Ұсынылып отырған бағдарлама жоғарыда айтылғандарды ескере отырып әзірленген, оның негізінде әртүрлі ойындардың және стандартты жаттығулардың бір техникалық тәсілдері бірнеше рет қайталану қағидаты жатыр.

Дайындық негіздері

Егер балалар доппен орындалатын жаттығуды мектепте ғана емес, үйде де, аулада да, көшеде де орындайтын болса, сонда оқыту барынша тиімді болады.

Үйде: балаларға таңертеңгілікте ең қарапайым жаттығу түрлерін орындау қажеттілігін түсіндіріңіздер. Олардың ішіне тепе-теңдікті сақтау, иілгіштік (бір аяқпен тұру), сонымен қатар кішкентай доппен (мысалы, үлкен тенниске арналған) орындалатын жаттығулары кіруі тиіс. Допты дененің әр түрлі бөліктерімен қақпақылау, допты алып жүру және т. б. доппен орындалатын кез

келген жаттығуларды пәтерде немесе үйдің маңындағы көшеде, аулада орындауға болады.

Көшеде: достарымен футбол ойнау. Бұл, міндетті түрде, қаіпсіз жерде жүргізілуі тиіс. Мүмкіндігінше ауданы шағын алаңда ойнау. Бұл жағдайда доппен байланыс жиі болады, демек, ойыншы допты алып жүру және допты айналдырып алып кету тәрізді тәсілдерді жиі қолданатын болады.

Мектепте: апта ішінде екі-үш жаттығу сабағы және бір ойын күні.

Балаларға түсетін жүктемені жоспарлау барысында, олардың жас ерекшеліктерін ескеру маңызды. сондықтан жаттықтырушы өзі үшін жаттықтырудың бірнеше түрін анықтап алуы тиіс. Сабақтарда ойын футболдың негізгі элементтеріне үйрететін жаттықтырулармен үйлесімді болуы тиіс.

7-8 жастағы балаларға арналған жаттығу сабақтары (оқытудың 1-ші жылы)

Балалар жаттығуға алғаш рет келгенде, футбол ойнағылары келеді, бірақ, әдетте, доппен қарым-қатынас жасауды әлі біле қоймайды. Сондықтан олар үшін бастапқы кезеңде, біріншіден, допты алып жүрудің ең қарапайым жаттығулары, ойынның өзі және әр түрлі ойын жаттығулары негізгі болады. екіншіден, қозғалмсалы ойындар, ептілікті, тепе-теңдікті, қимыл-қозғалыс, жүру және жүгіру, секіру үйлесімділігін дамытуға бағытталған жаттығулар.

Мамандар осы жастағы балалар үшін аптасына екі оқу-жаттығу сабақтары мен бір ойын күнін ұсынады. Сабақтың ұзақтығы 45 минуттан 60 минутқа дейін.

Әрбір жаттығу сабағында қажет:

- балалардың көңілін сабаққа аударуға көмектесетін жаттығуға қысқаша кіріспе жасау;

- әр балаға бір доптан беру. Доптың өлшемі және массасы балалардың жасына және қимыл мүмкіндіктеріне сәйкес болуы тиіс (№3 футбол добы, волейбол добы, теннис добы және т.б.);

- әр жаттығуды нақты көрсету және түсіндіру;

- тапсырмаларды орындағаны үшін балаларды жиі мақтау/ынталандыру;

- балалар жаттығуды жағымды, оң эмоциялармен аяқтау үшін қысқаша қорытынды жасау.

мұны ды ға

№1 сабақ

Жаттығушылар саны: 16 адамнан көп емес.

Құралдар: доптар, көкірекшелер, конустар.

Міндеттер:

1. Орын ауыстыру техникасына үйрету.

2. Допты меңгерудің қарапайым тәсілдеріне, яғни футбол техникасын игеруге қажетті қимыл әрекеттеріне үйрету.

Дене шынықтыру/денені ширату

Ұзақтығы 10 минут шамасында. Денені ширату барысында балалар доппен және допсыз жаттығулар жасау арқылы алаңда орын ауыстырып жүреді.

1. Алаңның бір жағынан екінші жағына (10-15 метр) әртүрлі тәсілдермен жүгіріп өту: жалғамалы қадаммен сол жақ бүйірімен, содан кейін оң бүйірімен, арқасымен алға; екі реттен қайталау.

2. Әр жаттығушының қолында доп, жаттықтырушы қозғалыс бойынша тапсырма береді:

– аяқтың ұшымен «түлкіше», «тасбақаша» баяу жүгіру, жылдам жүгірумен кезектесіп отырады; үш-төрт реттен қайталау;

– допты екі қолмен жоғары лақтыру және қағып алу – 10 рет;

– аяқты мүмкіндігінше кеңінен қою, допты сол қолмен сол аяқты айналдыра қозғау және оң қолмен оң аяқты айналдыра қозғау (сегіздік жасап) – әрқайсысының айналасында бес реттен;

– допты қолға ұстап, санға тигізіп, алаңда қозғалу – сол және оң аяқпен 10 реттен.

Негізгі бөлім

Әр ойыншыда бір доптан. Допты оң және сол аяқтың табанымен бақылау:

– бір орында тұрып және оң аяқпен, содан кейін сол аяқпен дөңгелек қозғалыстар жасау арқылы допты табанмен домалату;

– допты табанмен домалату – бір орында тұрып, допты көтермелеп алға қарай домалату және допты табанмен артқа қарай тарту, оң және сол аяқпен кезек-кезек. Әр аяққа 20 реттен;

– алаңда жатқан допты аттап өту – 20 реттен, алдымен сол аяқпен, содан кейін оң аяқпен.

Үздіксіз, 10 минут ішінде, стандартты жағдайларда орындалатын жаттығулар, жаттығушылардың қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Сондықтан, жаттығудың бұл бөлігінде 2x2 немесе 3x3 шағын алаңда қақпаға доп соғу арқылы балаларға футбол ойнауға мүмкіндік беруге болады. Ойынның ұзақтығы – 8 минуттан 2 тайм. Таймдардың арасындағы үзілісте жаттықтырушы, балаларға олардың қимыл-қозғалысының қайсысы жақсы, қайсысы нашар екені туралы түсіндіреді.

Қызығушылық қалыпқа келтірілгеннен кейін, келесі 10 минут бойында тәсілдердің техникасын үйренуді жалғастыруға болады. Сонымен қатар, қызығушылықты қалпына келтіру мақсатында төменде келтірілген қозғалмалы ойынды ойнатуға болады.

Жаттықтырудың негізгі бөлімінің соңында, кіші қақпаға 5 метр қашықтықтан доп соғу.

Қорытынды бөлім

Жаттықтырудың қорытынды бөлімінде жаттықтырушы барлық балаларға арналған мадақтау/көтермелеу сөзін табуы тиіс. Мысалы, «бүгін сендер, тапсырманы жақсы орындадыңдар және футболды жақсы ойнадыңдар, бірақ одан да жақсы ойнауға болады, оны қалай істеуге болатынын келесі жолы қарастырамыз» тәрізді сөздер.

№2 сабақ

Жаттығушылар саны: 16 адамнан көп емес.

Құралдар: футбол және теннис доптары, көкірекшелер, конустар.

Міндеттер:

1. Орын ауыстыру техникасын үйрену.
2. Допты меңгерудің қарапайым тәсілін үйрену.
3. Ойын жаттығуларындағы футбол техникасын үйрену.

Дене шынықтыру/денені ширату

1. «Епті балалар» қозғалмалы ойыны (төменде берілген). Ол балалардың көңіл-күйін және ойын белсенділігін көтереді.

2. 20 метр кесіндіде үш конус қойылады (бір-бірінен ара қашықтығы 5 метр). Міндет – ұсынылған тәсіл бойынша конустарды айналып жүгіру: жалғамалы қадаммен сол бүйірмен, оң бүйірмен және арқасымен алға қарай. 2-3 реттен қайталау.

3. Теннис добымен орындалатын жаттығулар: допты оң қолмен лақтырып, сол қолмен қағып алу және сол қолмен лақтырып, оң қолмен қағып алу – осылайша 20 реттен.

Негізгі бөлім.

Әр ойыншыда бір футбол добы болады.

– орнында тұрып, оң аяқтың табанымен допты солға-оңға, оны оң жақ табанның ішкі және сыртқы жағымен кезекпен тоқтатып домалату – 20 рет

– тура осылайша – сол аяқпен;

– орнында тұрып және допты жерге аяқтардың арасына қойып, сол аяқтың табанының ішкі жағымен солға қарай домалату және оң аяқтың табанымен тоқтату, содан кейін оң аяқтың ішкі жағымен допты қайтадан кейін қарай домалатып, сол аяқтың табанымен тоқтату – осылайша қайта-қайта орындау – 20-30 рет;

– допты табанмен тоқтату арқылы, түзу сызық бойымен алып жүру (8-10 метр), содан соң 180 градусқа бұрылуды орындау – 8-10 рет қайталау.

20x10 метрлік алаңда 2x2 немесе 3x3 командамен кіші қақпаға доп соғып 8 минуттан 2 тайм ойнау.

Жаттығудың негізгі бөлімінің соңында – 7 метрлік қашықтықтан кіші қақпаға доп соғу.

Қорытынды бөлім

(Жоғарыда қараңыздар).

№3 сабақ

Жаттығушылар саны: 16 адамнан көп емес.

Құралдар: доптар, көкірекшелер, конустар, гимнастикалық шеңберлер.

Міндеттер:

1. Тепе-теңдік сезімін қалыптастыру.

2. Допты аяқ алқымының сыртқы және ішкі жағымен алып жүру техникасына үйрету.

3. Допты лақтырып ойынға қосуға үйрету.

Дене шынықтыру/денені ширату

Алаңның периметрі бойымен жүру, содан соң аяқтың ұшымен жүру, содан кейін – қолды бастан жоғары көтеріп «бір» санына шапалақ ұрумен жүру. Қадам ұзындығын үлкейтумен, кішірейтумен жүру.

Содан соң, түзу сызық бойымен жүгіруге айналатын жүріс (алаң жиегіндегі белгі бойымен немесе алаң бойымен тартылған жіп бойымен): сызыққа ғана баса отырып, белгі бойымен жүру (жүгіріп өту); жаттықтырушының белгісі бойынша бір аяққа тұру және бір орында тұрып қалу; кімде-кім екі аяғына тұрып қалса немесе сызықтан шығып кетсе, сол жеңілген боп саналады – 5-6 рет қайталау.

«Орын ал» қозғалмалы ойыны.

Негізгі бөлім

Қозғалыс барысында оң және сол аяқтың табанымен кезек-кезек допты домалату. 40-50 метр қашықтықты доппен өту қажет.

Доп жаттығушылардың аяғында – бір аяқ доптың үстінде, екіншісі жерде. Секіру барысында аяқтардың орнын ауыстыруы қажет. 10-15 рет секіру. Доптың орналасуы бойынша жаттығу орындаудың екі нұсқасы: доп ойыншылардың алдында немесе аяқтарының арасында тұрады.

Допты гимнастикалық шеңбердің бойымен, алдымен оң аяқ алқымының сыртқы жағымен сағат бағытымен айналып алып жүру. Содан соң аяқ алқымының ішкі жағымен сағат бағытына қарсы – 2-3 рет қайталау.

20x10 метрлік алаңда 2x2 немесе 3x3 командамен кіші қақпаға доп соғу ойыны; 8 минуттан 2 тайм.

Бастың артқы жағынан допты жерге лақтыру және секіріп оны қағып алу – 15-20 рет қайталау.

25x20 метрлік алаңда 4x4 командамен кіші қақпаға доп соғып 5 минуттан 2 тайм ойнау.

Негізгі бөлімнің соңында – 5 метрлік қашықтықтан кіші қақпаға доп соғу. Әр ойыншы 8-10 соғу орындайды.

Қорытынды бөлім.

Жаттықтырушы барлық бала үшін мадақтау/көтермелеу сөздерін айту, сонымен қатар оларға үй тапсырмасын беруі тиіс. Мысалы, теннис добымен қарапайым жаттығулар жасау – оны футбол добымен тәрізді табанмен немесе басқа да тәсілдермен домалату.

Қозғалмалы ойындар.

«Епті балалар»

Алаңның қарама-қарсы екі жағында сызықтармен екі «үй» белгіленеді. Олардың арасындағы қашықтық 15-20 метр. «Үйлердің» арасында алаңның ортасында жүргізуші тұрады, басқа барлық ойыншылар алаңның бір жағында үй сызығының сыртында тұрады. Егер ойын үлкен алаңда жүргізілсе, онда оны бүйірлік сызықтармен бір-бірінен 10 метр қашықтықта шектеу қажет. Жүргізуші алаңның ортасында тұрып, дауысын қатты шығарып «Бір, екі, үш!» деп санайды. Барлық ойыншылар:

«Біз көңілді баламыз,

Жүгіріп жылдам, қызыққа батамыз.

Ал, бізді ұстап алып көріңіз!» - деп бірге жауап береді.

Осыдан кейін барлық балалар қарама-қарсы беттегі «үй» сызығының артына қарай жүгіреді.

Жүргізуші жүгірген ойыншыларды ұстар алуы тиіс, ұсталғандар шетке шығып тұрады. Барлық балалар жүгіріп өткеннен кейін, жүргізуші тағы да белгі береді, ойын қайтадан қайталаынады. Үш-төрт реттен кейін ұсталғандар саны саналады да, ұсталмағандар арасынан жаңа жүргізуші тағайындалады. Ұсталғандар қайтадан топқа қосылады, ойын қайтадан ойналады.

Ойын ережесі:

– екінші жаққа қарай жүгіріп өту «Ал, бізді ұстап алып көріңіз!» сөзінен кейін ғана болады;

– «ұй» сызығының артына өткен ойыншы, алдына қарай қайтып келсе, ұсталған болып саналады;

– «ұстап алу» – «ойыншыға қол тигізу» ұстап алған болып саналады;

– ұсталынған балаларға көңілсіз болмау үшін, оларды санап, қайтадан ойынға қосуға болады.

«Бос орынға орналас».

Арасы 1,5 метрлік қашықтықта сызық бойымен белгілер (фишкалар) қойылады. Фишкалар саны ойыншылар санына қарағанда екеуге кем болуы тиіс. Фишкаға қатарлас (параллель сызықпен), олардан 15-17 метр қашықтықта және оларға бетпе-бет бір қатарға ойыншалар тұрады. Жаттықтырушының белгісі бойынша олар фишкаларға қарай жүреді, ал жаттықтырушы «құпия сөз» (ойыншылармен келісілген) айтқан кезде, олар фишкаларға қарай жүгіреді де бос орынға тұруға тырысады. Фишкалардың жанынан орын алып үлгермеген екі соңғы ойыншы, ойыннан шығады. Ойыншылардың саны екі адамға кемігендіктен, фишкалардан да екеуі алынады. Ойын алғашқы ретпен қайталаынады, тағы да соңғы екі ойыншы ойыннан шығады, тағы екі фишка алынады. Ойынның соңына дейін жеткен үш ойыншы жеңімпаз аталады. Бұл ойынды үш қайыра ойнауға болады [31].

Волейбол (volleyball, volley — «қалқып ұру», ball — «доп») – командалық спорт түрі. Мұнда 2 команда тордың екі жағына бөлініп тұрып, әр команда өздеріне тиесілі арнайы алаңда ойнайды.

Ойынның мақсаты – волейбол добын команда өкілдері өздерінің алаңдарына түсіріп алмау керек, керісінше, қарсылас команданың белгіленген алаңына түсіріп, ұпай алу қажет. Егер команда өкілдерінің біреуіне доп тиіп, ол доп аутқа кететін болса, қарсылас команда ұпай еншілейді. Сондықтан қарсыласты қателестіру арқылы ұпай алуға болады. Доп белгілі бір команданың алаңында болған кезде, ол командадан тек үш ойыншы ғана допты келесі жаққа асыруға көмек ете алады, яғни, үш реттен артық допқа қол тигізуге болмайды (блок қойған жағдайда ғана төртінші рет допты алаңда ұстауға болады).

Волейболдың ережелерін бекітіп, басқа да волейболға қатысты маңызды істермен айналысатын басты кеңес – Халықаралық волейбол федерациясы, FIVB (ағыл.).

Волейболдың бірнеше түрі бар: жағажай волейболы, мини-волейбол, пионербол, саябақтағы (парктегі) волейбол (1998 жылы Токиодағы FIVB кеңесінде бекітілген) [32].

Классикалық волейбол ойынының ережелері.

Волейбол ойынының ережесі бойынша ауданы 18x9 болатын, ені кем дегенде 3 м болатын бос зона және биіктігі кем дегенде 7 м болатын ойын алаңы болуы тиіс.

Ойын алаңының үсті тегіс, горизонтальды, біртекті және ашық түсті болуы, сонымен қатар ол ойыншылардың ойын барысында жарақат алмауына ыңғайлы болуы керек.

Волейбол ойынына арналған ені 1 метр және ұзындығы 9,5-10 метрлік тор орта сызықтың үстіне тігінен орналастырылады. Тордың жоғарғы шегі команда қатысушыларының жасына сәйкес орналастырылады (14-кесте).

14-кесте – Волейбол ойынына арналған тордың биіктігі.

Жынысы	Жасы		
	17-16 жас	15-14 жас	13-12 жас
Ұлдар	2,43 м	2,35 м	2,24 м
Қыздар	2,24 м	2,20 м	2,15 м

Волейбол ойынына арналған доп созылмалы былғарыдан немесе жасанды былғарыдан жасалған, шеңбер сызығы 65-67 см және салмағы 260-280 г болуы тиіс [33].

Волейбол ойыны барысында еңкейіңкіреп, екі қолды шынтақтан бүгіп, басты көтеріп алға қарай қарап тұру – ойын басталғандағы бастапқы тұрыс болып саналады.

Ұшып келе жатқан допты қағып алу тәсілдері: алға, оңға, солға аттау, секіріп барып қолға құлап түсу т.б. қозғалыстар.

Волейбол ойынында орындалатын бұрылыстар ойын процесінде негізгі рөл атқарады. Себебі, ойыншы ұшып келе жатқан допты қабылдап алу үшін міндетті түрде бұрылыстар орындайды. Ойыншы орнында тұрып бұрылуды, ұшып келе жатқан доптың бағытына қарай орындайды. Егер де доп тура келетіндей жағдай болғанда алға қарай адымдап барып допты қайтарады. Жалпы бұл қозғалыстың барлығы доптың бағытына байланысты орындалады.

Допты ойынға қосудың бірінші тәсілі – жоғарыдан шабуылдап ойынға қосу, бұл қарсы жақтың ойынын қиындатады. Тәсіл меңгеру үшін иық-шынтақ буындарының қимылдық қабілеті мен күші жеткілікті болуы керек. Қарсыластарға допты қатты ұшырып беру үшін қолын сермегенде иық-шынтақ буындары бос қалады. Шабуылдың барлық әдістерін игеру – икемділік, күш, секірумен қатар, денені ауа кеңістігінде ұстай білу т.б. қасиеттерінің дағдылануына байланысты. Бұл құбылыс дененің үнемі қозғалыста болу қабілеттілігін арттыратын арнаулы жаттығуларды орындау нәтижесінде іске асырылады.

Қарсыластың ойынын қиындататын екінші тәсіл – допты бүйірден жоғарыдан шабуылдап беру.

Қарсыласына онша қауіп төндірмейтін тәсіл – допты астынан тура беру, бұл допты қарсыластар оңай қайтарады.

Допты қайтарып беру үшін қарсыластарына қиыншылық тудырмайтын тәсіл – допты астынан жанамалап беру.

Волейбол тәсілдерін меңгеру мақсатында орындалатын арнайы жаттығулар үлгілерін ұсынамыз:

1. Мұғалімнің ысқырығы арқылы бір мезгілде алаңда асықпай және жылдам орын ауыстыруға дағдылану.

2. Допты солдан, оңнан, алдан, арттан қабылдау, алға, артқа, оңға, солға жүру. Волейболшының тұрысымен допты астынан қабылдау кезіндегі қолдың және аяқтың қалпы. Допты солдан, оңнан, ортадан арттан қабылдау, алға, артқа, оңға, солға жүру.

3. Бір орында тұрып допты астынан қабылдауға арналған жаттығу: допты жоғары лақтыру, оны қабылдау.

Допты жоғары лақтырып, оңға – солға бұрылып астынан қабылдау.

Допты астынан қабылдауда алға артқа қарай секіру.

Допты алға жоғары лақтырып, биіктен беру.

Допты жоғары лақтырып, оңға-солға бұрылып, биіктен беру.

4. Доппен жүру жаттығулары:

Шеңбер бойы жүріп, допты жоғары лақтырып, оны астынан қабылдау.

Допты жоғары лақтыру, оны оңға-солға бұрылып, астынан қабылдау.

Оңға – солға секіру.

Шеңбер бойымен жүріп допты жоғары лақтырып, биікке беру.

Шеңбер бойы жүруіп допты жоғары лақтырып, оңға-солға бұрылып, биікке беру.

Допты беруде оңға-солға секіру.

Допты жоғары және төменнен екі қолмен қабылдауды меңгерту.

Жаттығу соңында ойнауға арналған ойын түрлері:

1. Білім алушылар бір-біріне бетпе-бет қарап 6-7 м арақашықтықта тұрады, допты жоғары лақтырып, қайтадан қабылдап, ары қарай қарсыласына көтеріп береді.

2. Бір білім алушы допты жоғары көтеріп, қарама-қарсы тұрған ойыншыға береді. Ойыншы допты қолын көтеріп қабылдап, қайта береді. Араларындағы қашықтық 7-8 метр болуы және допты қарсы тұрған ойыншының қолына дәл беруі керек.

3. Ойыншы допты еденге ұрып қарсы тұрған ойыншыға береді, ол допты жоғарыдан қабылдап, ұстап қайта береді.

4. Ойыншының екі қолмен төменнен допты қабылдау тұрысы: қол түзу, тізе сәл бүгулі, сол немесе оң аяқ жарты қадам алда.

5. Бір ойыншы допты қарсы тұрған ойыншының қолына береді, ол допты төменнен екі қолмен қабылдап, қайта береді. Допты дұрыс қабылдануын қадағалау.

6. Ойыншылар бір-біріне қарама-қарсы 8-10 м. арақашықтықта тұрып, бірінші номерлі ойыншылар допты жоғарыдан қабылдайды, ал екінші номерлі ойыншылар допты төменнен қабылдайды.

Ойыншының допты екі қолмен төменнен қабылдау тұрысын үйрету жолдары:

бір ойыншы допты екінші ойыншының қолына береді, ол допты төменнен екі қолмен қабылдап, қайта береді;

ойыншылар арасындағы қашықтық 8-10 м., олар бір-біріне қарама-қарсы тұрып, бірінші номерлі ойыншышылар допты жоғарыдан қабылдау, екінші номерлі ойыншылар допты төменнен қабылдау.

Волейбол ойынына қатысты арнайы жаттығу түрлері келесідей болуы мүмкін:

– екі оқушыда бір доп, олар допты бір-біріне лақтырып-қабылдауларын қадағалау;

– допты кеудемен сырғанатып алу тәсілі;

– допты бір-біріне жоғарыдан беру тәсілі;

– допты бір-біріне төменнен беру тәсілі;

– допты жанынан беру тәсілі;

– допты тордың үстінен ұру тәсілдері;

– торда қарсылас ойыншыға тосқауыл қою тәсілі [33].

Бұқаралық спорт түрлерімен айналысу барысында қимылды дамытуды жоспарлау барысында келесідей қағидаларды ескеру керек:

1) жаттығуларды, ойындарды, еңбек тапсырмаларын таңдағанда білім алушылардың қолынан келетін, оларды қызықтыратын, бүкіл ағзасының дамуына ықпал жасайтын, бұлшық еттердің қимыл-әрекетіне әсері барын сұрыптап алу;

2) ойындар мен жаттығулар еңбек тапсырмаларын орындауға, жүру, жүгіру, лақтыру, секіру, өрмелеу сияқты қимылдардың дамуына ықпал ететін, дұрыс дағдыны қалыптастыратын болуы керек;

3) физиологиялық жағынан әлсіз бұлшық еттерді нығайту, баланың тұлғасын дұрыс қалыптастыруға себепкер болуы керек;

4) ұжымда жұмыс істей білуге жетілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Яғни кез-келген жаттығу түрі бала ағзасын қалыпты өсіру үшін жағдай жасау.

Қазақ халқының ұлттық ойындары – атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып келе жатқан асыл қазына. Ұлттық ойындар қазақ халқының ежелгі мәдениеті мен өнерінің ешкімнен кем болмағанын байқатады. Қазақтың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Қазақтың ұлттық ойындарының түрі өте көп.

Ұлттық ойындар баланың еңбекке деген қарым-қатынасы мен ойлау қабілеттерін арттырады және баланы шымыр, епті, зерек, алғыр, тапқыр да парасатты болып өсуге тәрбиелейді. Бұл жөнінде Ахмет Жүнісов былай дейді: «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан-балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-

тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен».

Бұқаралық спорт түрлерімен қатар, ұлттық ойын түрлерінен мектепшілік командалар құрып, жарыстар өткізу ұсынылады. Мысалы, жалпы ойын түрлерінің ішіндегі аса ұқыптылықпен және ептілікті қажет ететін ер балаларға тән ойын түрі – «Асық ойыны».

Асық ойнау үшін керекті құралдың ең негізгісі – сақа. Әдетте оны үлкен оңқай асықтан шіге жағынан қорғасын құйып ауырлатып, тәйке жақ табанын, шіге жақ бетін тегістеп, оң қолға ұстап асық атуға ыңғайлап жасайды.

Асық ойынын жазды күні тақыр жерде ойнайды. Бір-біріне қарсы екі бала не бірнеше бала екі топқа бөлініп ойнаулары мүмкін. Ойынның негізгі шарты бір-бірінен асық ұту. Асық ойынының ұштабан, шеңбер және алтыатар деп аталатын өте кең тараған түрлері бар және олар бір-біріне өте ұқсас келеді.

«Ұштабан» ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Кімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, ұштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, не болмаса сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады.

«Алтыатар» ойыны бұдан басқаша. Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған) баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (судан шығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны - 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.

«Шеңбер» ойыны аса ептілікпен дәлдікті қажет етеді. Жалпы асық ойынының әрқайсысы баланың дәлдікпен ойлау қабілетін және жеңу мақсатын алға қоя отырып, басқалардан озам деген талпынысты оятады. Қатысатын адам саны - 6 адамға дейін. Екі адам бір-бірінің қолынан ұстап бір нүктеден айнала шеңбер сызады. Әр қатысушы 1 немесе 2 асықтан қатысушылар санына байланысты, шеңбердің ортасындағы сызыққа тігеді. (4 адамға дейін – 2 асықтан, 6 адамға дейін 1- асықтан). Асықты иіру арқылы асық ату ретін анықтайды. Сол бойынша кезек пен кезек атады. Шеңбер шетінде арнайы ойын бастайтын сызықша сызылған. Бірінші асық құлағанға дейін сол сызықтан атылады. Асық құлап немесе шеңберден шыққаннан кейін ойын шеңбер бойымен жалғасады. Ойындағы басты міндет өзіңнің сақаңмен көбірек асықты шеңберден шығарып ұту.

Егер өз кезегінде асықты ойыншы шеңберден шығарса, ары қарай жалғастырады.

Егер асық жылжып шеңберге жақын жатса, ол шеңбер шетінен

ойыншының аяқ-табанымен өлшеніп, егер асыққа жетсе шертіп шығарады, жетпесе атады.

Ескерту: Атқанда немесе шерткенде троекториясы шеңберден 90 градустан төмен болмауы қажет. Келесі ойынды асықты көп ұтқан адам бастайды. Қалғандары асық иіріп, кезек тәртібін анықтайды. Ойында қорғасын құйылған немесе сақаны ауырлату мақсатында дайындалған асық қолданылмайды [34].

Бұл ойын – нағыз бұқаралық спорт түрі.

Асықтың ойнау әдістері көптеген спорт түрлеріне ұқсас.

- Біріншіден, бұл ойын – түгелдей қозғалыс. Баланың он екі мүшесі, бұлшық еттері толық қозғалысқа түседі. Ойыншы бала еңкейеді, сәл ғана ұмсынады, оң аяғын қатты серпеді. Бір мезетте осынша қимыл-қозғалысқа түсіретін бір де бір ойын жоқ. Сақаны жіберіп қалған соң бала қарап тұрмайды, жүгіреді.

- Екіншіден, көздің көрегендігін арттырады. Сөреден асықты дәл көздеу, қашықтықты дәл межелеу көрегендікті қажет етпей ме?

- Үшіншіден, асық ойыны баланың миын шынықтырады. Яғни, бала асықты атпас бұрын ойланады. Қай тұстан, қалай атса дұрыс тиетінін ойша самақтайды. Сөйтіп, өзінше есептеп, қорытынды шығару арқылы асық баланың ақыл-ойының жетілуіне себепкер болады.

- Төртіншіден, ең бастысы, асық ойыны баланы жеке тұлға ретінде мықты тәрбиелейді. Асық ойнау арқылы бала бәсекелестікке үйренеді, көшбасшылық, лидерлік қасиет қалыптасады. Бүгін ұтылған бала ертең ұтуға тырысады, сөйтіп мінез – ер мінезі шыңдалады.

Қалада жылдың барлық мезгілінде асық ойнауға болады ғой, егерде мектептерімізде сабақтарда асық ату ойынын жоспарға кіргізсе, ұлттық ойындарымыз ары қарай дамиды деген ойдамыз. Балаларымыз шетелдің шығарған қан-төгіс ойындарын ойнағанша, адамның денсаулығына зор пайдасын тигізетін асық ойынын ойнағаны артық. Ойын адамды асықтың ұшу траекториясын көзбен өлшеп, сызу арқылы математикаға баулиды. Асық ойынын ауыл баласының еншісінде ғана қалдырмай, ұлттық спорт түріне көтерсек. Асық ойыны баланың жастайынан нерв жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиеті болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмайды. Ондай қасиеттері болмаса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді. Бұл ойынның еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін ойнайтын түрлері болған.

Ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында ұлттық ойын түрлерін қолданған сабақтарды, сыныптан тыс іс-шараларды пәндік семинарларда, түрлі сайыстарда көпшіліктің назарына ұсынып жүрміз.

Асықпен ойналатын халық арасында кең тараған ойын – тоғызқұмалақ ойыны.

Ережеде тақтада ойналатын зияткерлік ойынға қатысты, әрі ойын барысында кездесетін барлық жағдайды ескере бермейді және ұйымдастыру мәселелерінің барлығын қамти алмайды. Ереженің бабымен толық

реттелмейтін жағдайлардың шешімі, ережеде қаралатын ұқсас жағдайлардың негізінде жарыстың Бас төрешілер алқасының жиналысында қабылданады. Ереже төрешілердің қажетті құзыретке ие, ой-білімі жеткілікті және үнемі нақты болатына сүйенеді.

Тоғызқұмалақ ойынының мәні – адамға үйлесімді (гармониялық) тәрбие беру, кез-келген жанның ақыл-ойын шыңдау, ми қызметін дамыту және қоғам алдындағы жауапкершілікті арттыру.

Тоғызқұмалақ-бабаларымыздың ұрпағына қалдырған баға жетпес сыйы, рухани құндылығы, аманаты. Бұл ойын ең жетілген спорт түрлерінің бірі ретінде адамзатты жаңа шыңдарға жетелейтін ойы кең, рухы биік, саналы тұлғаларды тәрбиелеудің қуатты құралы бола алады.

Зандылықтары:

- тоғызқұмалақ ережелерін қолданудың бір ізділігін қамтамасыз ету, жарыс өткізу жүйесін бір қалыпқа келтіру;
- спорттық шеберлікті және зияткерлік қабілетті арттыру;
- ұлттық ойынды халық арасында кеңінен насихаттау және ары қарай дамыту.

Ол арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі.

Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды. Кейде бастаушы үшін – ақ жағы, қостаушы үшін қара жағы деген тіркестерді де қолданамыз.

Бұл жерде – №1 №2 №3 №4 №5 №6 №7 №8 №9 – отаулар.

Берілген диаграммада бастаушының отаулары төменгі жағында, ал қазандағы құмалақтар саны жоғарғы жағында орналасқан.

Жүріс жасау ерекшеліктері:

Жүріс ойыншылар тарапынан кезектесіп жүріледі. Жүрісті кімнің жасайтыны жеребемен немесе қарсыластардың келісімімен анықталады.

Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен біреуін орнына қалдырып, қалған құмалақтарды қолға алып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратамыз. Тарату сәтінде құмалақтар өз отауларымыздан асып кететін болса, қарсыластың отауына таратамыз. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтарды жұп қылса (2, 4, 6, 10, 12), сол отаудағы құмалақтар ұтып алынып, өз қазанымызға салынады.

Егер соңғы құмалақ қарсыластың жұп санды құмалағы бар отауына түсіп (3 құмалақтан басқа), тақ қылса немесе өз отауымызға түссе, құмалақ ұтып алынбайды.

Мәселен, жоғарыдағы тақтадағы алғашқы жағдайда бастаушы №7 отаудағы 9 құмалағын таратса, соңғысы қарсыласының №6 отауына барып түседі және ондағы 9 құмалақ соңғы құмалақпен 10 болып, ұтып алынады және қазанға салынады.

Отаудағы жалғыз құмалақ көрші отауға жүргенде орны бос қалады.

Жүріс жасаған кезде отауларға құмалақ салмай немесе 2-3 құмалақ бөліп

алып жүруге болмайды.

Тұздық алу ережесі.

Тоғызқұмалақ ойынында құмалақтан басқа ойында бір рет қарсыластың отауын ұтып алуға да болады. Оны ежелде – “тұзды үй”, қазіргі тілде – тұздық деп атайды.

Тұздық алу үшін жүріс жасаған кезде, қарсыластың екі құмалағы бар отауына таратқан құмалағыңыздың соңғысын түсіру керек.

Сонда сол отауда қалыптасқан 3 құмалақпен бірге отау да ұтып алынып, ойынның аяғына дейін сіздің меншігіңізге айналады.

Енді жүріс жасалған сайын тұздық алынған отауға түсетін бір құмалақ, міндетті түрде сіздің қазаныңызға салынып отырады.

Тұздық алынған отауға арнайы белгі қойылады. Жазбаша түрде – X деген шартты таңбамен белгіленеді.

Осы жағдайда қостаушы ойыншы №7 отаудағы 10 құмалағын тарату арқылы, соңғы құмалағын бастаушының №7 отауына түсіріп, ондағы 2 құмалақты үшеу етіп, осы құмалақтарды ұтумен қатар, осы отауға тұздық жариялайды.

Ендігі кезде бүкіл ойын барысында №7 отау – қостаушының меншігіне айналады.

Тұздық ойында бір рет алынады және №9 отадан ешқашан алынбайды.

Тұздық аттас отаулардан алынбайды.

Мысалы, жоғарыдағы диаграммадағы жағдайда қостаушы ойыншы №7 отадан тұздық алды, енді бастаушы ойыншы ойын барысында бұл отадан тұздық алуға қақысы жоқ.

«Атсырау» ережесі

Ойын аяқталуға жақындаған сайын әр ойыншының отауларындағы құмалақ таусыла бастайды. Әр құмалақ ұтып алынған сайын немесе тұздыққа түскен сайын қарсыластардың жүріс мөлшері кеми береді. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың бірінің отауларында жүріс жасай алмайтын жағдай да кездеседі.

Ойыншылардың бірінің отауларындағы құмалақты бірінші таусып алып, жүріссіз қалуы – атсырау деп аталады.

Атсырауға ұшыраған ойыншының қарсыласы бұл жағдайда қосымша бір жүріс жасап, барлық құмалақтарды өз қазанына салып алады.

Осы тақтадағы жағдайда жүріс қостаушыдан. Ол №9 отаудағы 3 құмалағын таратады.

Осы жағдайда бастаушы отауларындағы барлық құмалақтарды (23құмалақты) қазанына салып, ойынның есебін жүргізеді.

Есеп 88-74, бастаушы ұтты.

Егер «атсырау» жағдайында қосымша жүріс жүрілген кезде, құмалақтар амалсыздан қарсыластың отауларының біріне түсіп, жүріс беретін болса, ойын әрі қарай жалғаса береді.

Егер ойыншы ойын барысында 82 құмалақ жинаса ойын бірден тоқтатылады.

Өз кезегінде бастаушы №1 отауға түскен 1 құмалақты жүреді. Қостаушы №9 отаудағы жалғыз құмалақты 1 отауға салады.

Ойынның толық нұсқасын Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ Спорты Федерациясының сайтынан (<http://www.9kumalak.com/index.php/ereje>) көруге болады [35].

Дене шынықтыру мен бұқаралық спорт түрлерімен айналысу барысында басты назар аударатын мәселе – жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіздік. Сондықтан да мұғалім/жаттықтырушы барлық жабдықтар мен снарядтардың жарамдылығы мен қауіпсіздігін мұқият қадағалауы қажет. Төменде бұқаралық спорттың жекелеген түрлері бойынша сақтауға тиісті қауіпсіздік ережелері ұсынылған:

- спортпен айналысуға келген білім алушы арнайы спорт киімдерін киіп, оның таза болуын қадағалауы;

- жаттығу басталарда білім алушы денесінің ыстығы көтеріліп т. б. аурулармен ауырып тұрса мұғалімге/жаттықтырушыға өз денсаулығы жайында ескертуі;

- спорт залында, алаңында дене тәрбиесі мұғалімі/жаттықтырушы ұсынған ойындарды және жаттығуларды орындау;

- спорт залдағы электр розеткалары мен электроциттеріне тиіспеу;

- спорт алаңында орнатылған, құрылған спорт құралдарын мұғалімнің/жаттықтырушының рұқсатынсыз тиіспеу ;

- гранат, кіші доп т. б. құралдарды алысқа және нысанаға лақтырған кезде қауіпті алаңға сырттан адам, не мал кіріп кеткен кезде жаттығуды тоқтату керек.

Жеңіл атлетика

1. Дене шынықтыру және спортпен шұғылданған кезде табаны резина аяқ киім кию керек.

2. Қысқа қашықтықтарда тек қана өз жолымен жүгіру қажет. Жүгіріп келе жатып кілт тоқтауға болмайды.

3. Ойлы-қырлы жерлерде кездескен кедергілерден (тас, құлаған ағаш, бұта, төмпешік т. б.) аспай-саспай өтуді есте сақтаған жөн.

4. Жүгіру, секіру, лақтыру алаңдарын көлденең кесіп өтуге рұқсат етілмейді.

5. Тырма мен күректі сабақ өтетін жерде қалдыруға болмайды. Тырма, күректі т. б. жабдықтардың үшкір жағын (жүзін) қаратып қоюға болмайды.

6. Спорт құралдарын (граната, диск, найза т. б) лақтырғанда, лақтыру бағытында адамның болмауын қарап, бақылап алу қажет.

7. Ұзындыққа, биіктікке секіретін алдында шұңқырдағы құмды майдалап, қопсытып алу керек.

8. Лақтырушының оң жағында тұруға, құралдарды рұқсатсыз алуға болмайды.

9. Лақтырған ядроны қағып алуға болмайды және ядроны лақтырар кезде жерге түсіріп алудан сақтану керек.

10. Жауын-шашында күндері лақтыратын құрал-жабдықтарды мұқият сүртіп, құрғатқаннан кейін пайдалану керек.

Гимнастика:

- белгілі бір спорт жабдығында гимнастикалық жаттығуларды бірнеше оқушы бір мезгілде орындауда жарақаттанып қалудан сақтану керек. Мысалы, 2-3 бала бірден барып кермеге асылуға болмайды;

- спорт құралдарында (үлкен және кіші ағаш ат, бөрене, керме, шығыршық, арқан, гимнастикалық қабырға т. б. жаттығу орындағанда) секіргенде жерге міндетті түрде екі аяқпен тізені бүгіп түсу керек;

- спорт жабдықтарында жаттығуды орындамас бұрын міндетті түрде олардың дұрыстығын тексеріп алу керек;

- тексерілмеген спорт жабдықтарында жаттығулар орындауға болмайды;

- мұғалімнің-жаттықтырушының көмегінсіз спорт құралдарында күрделі жаттығулар орындауға болмайды;

- дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылданатын, спортпен айналысатын бала әр уақытта басқаларға үлгі болуы керек;

- денені қыздырып алмай күрделі жаттығуларды орындауға болмайтындығы есте ұстаңдар;

